ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

SmartNation

BALABAQSHA

# Ваучерді алу үшін арнайы кезекке қалай өтініш беруге болады

# Басты бет




Басты бетте келесі ақпараттар бар:

- Ваучерлік кезек,
- балабақшалардың каталогы,
- статистика,
- кері байланыс

Сайттың оң жақ жоғарғы бөлігінде геолокация мен тілді өзгерте аласыз.
Порталға тіркелу үшін **“Тіркелу”** батырмасын шертіңіз.
Егер сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, онда **“Кіру”** батырмасын басыңыз.

# Тіркелген пайдаланушылар

Smart Nation BALABAQSHA

Егер порталда сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **“Кіру”** батырмасын шертіңіз.
- Өз логиныңыз бен құпия сөзіңізді енгізіңіз.
- **“Жүйеге кіру”** батырмасын шертіңіз.

Егер құпия сөзіңізді ұмытып қалсаңыз:

- **“Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?“** батырмасын шертіңіз.
- Телефон нөміріңізді және ЖСН-ізді енгізіңіз.
- Деректер саясатымен танысып шығыңыз және "Мен таныстым және пайдаланушылардың деректер саясатын қабылдаймын" өрісіне құсбелгі қойыңыз.
- **“Код жіберу”** батырмасын басыңыз.
- Сіздің телефон нөміріңізге келетін кодты енгізіңіз
- Жаңа құпия сөз ойлап табыңыз және оны тағы енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.






# Тіркелу

Тіркелу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **"Тіркелу"** батырмасын басыңыз.

Тіркеу бетінде:

- Телефон нөміріңізді енгізіңіз.
- Ата-анасының немесе заңды өкілінің ЖСН енгізіңіз.
- Деректер саясатымен танысып шығыңыз және "Мен таныстым және пайдаланушылардың деректер саясатын қабылдаймын" өрісіне құсбелгі қойыңыз.
- **"Код жіберу"** батырмасын басыңыз.
- Сәйкес өріске телефон нөміріңізге келген кодты енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын шертіңіз.






# Тіркелу

Жүйе өтініш берушінің тіркеу мәліметтерін көрсетеді:

- Тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, туған күні.

Тіркелуді жалғастырыңыз:

- Бірінші өріске құпия сөз ойлап тауып, енгізіңіз.
- Екінші өріске құпия сөзді қайта енгізіңіз.
- **"Сақтау"** батырмасын басыңыз.

Жүйе сіздің деректеріңізді сақтайды.
Жеке кабинетке кіру үшін оң жақ жоғарғы бұрыштағы **"Кіру"** батырмасын пайдаланыңыз.



# Баланы қосу










Баланы қосу үшін:

- Мәзірде **"Менің балаларым"** бөліміне өтіңіз.
- **"Баланы қосу"** батырмасын шертіңіз.
- Пайда болған өріске баланың ЖСН енгізіңіз.
- **"ЖСН тексеру"** батырмасын басыңыз.
- Деректерді тексеріңіз.
- Егер барлығы дұрыс болса, **“Сақтау”** батырмасын басыңыз.

# Арнайы кезекке өтініш беру

Smart Nation BALABAQSHA

Өтініш беру үшін өтініш беруші мен баланың барлық деректері толтырылғанына көз жеткізіңіз:

- Мәзірде **"Менің өтініштерім"** бөліміне өтіңіз.
- **"Өтініш қосу"** батырмасын басыңыз.
- Кезек түрін таңдаңыз – ***Арнайы бағыттағы.***
- Қажет баланы таңдаңыз (Егер сіз әлі баланы қоспаған болсаңыз, **"Баланы қосу"** батырмасын басыңыз).
- Түзету түрін таңдаңыз.
- **ПМПК қорытындысын** жүктеңіз ***Arkomek жүйесінен***
- Аймақты таңдаңыз – ***Алматы қ.***
- Мектепке дейінгі ұйымды таңдаңыз **-** *жүйе түзету түріне сәйкес балабақша тізімін көрсетеді*
- Қалаған оқу тілін таңдаңыз.
- Шарттармен танысыңыз және мәліметтерді пайдалануға келісімді растаңыз.
- **"Жіберу"** батырмасын басыңыз.









# Арнайы кезекке өтініш беру

Өтініш арнайы кезекке берілгеннен кейін өтінімге **“Құжаттарды растауды күту”** мәртебесі беріледі. Өтінімді растау немесе растамау туралы хабарламаны күту керек.

Егер фтизиатр-дәрігер өтінішті растаса, Қызмет алушыға келесі хабарлама келеді: *«Сіздің ваучер алу өтініміңіз расталды. Кезектегі орныңыз: _».*

Егер фтизиатр-дәрігер өтінішті растамаса, Қызмет алушыға келесі хабарлама келеді: *«Сіздің ваучер алу өтініміңіз қызметкер тарапынан қабылданбады: <Қызметкердің аты-жөні>».* Өтініш мұрағатқа түседі.

Сіз кезек нөмірін және қосымша ақпаратты **«Менің өтініштерім»** бөлімінен бақылай аласыз.






# Ваучерді алу үдерісі

Сіздің кезегіңіз келгенде, сізге ваучердің берілгендігі туралы хабарлама жіберіледі.

Оны белсендіру үшін хабарламадағы сілтеме бойынша **2 жұмыс күні ішінде** өз қызығушылығыңызды растау қажет.

**Растау болмаған жағдайда ваучер жойылады**, ал өтініш тоқтатым парағына ауысады.

Егер сіз ваучерден бас тартсаңыз, ол жағадай да ваучер жойылады және сіздің өтінішіңіз мұрағатталады, сізге қайтадан кезекке тұру қажет болады






**(1) "Растау"** батырмасын шертіп, сіз өзіңіздің ваучерге қызығушылығыңызды растайсыз.




## Маңызды!

Сізден ваучерге қызығушылық расталғаннан кейін, сіз балабақшаны таңдап, онымен электронды шартқа отыру үшін 5 жұмыс күні бар.




Егер сіз қабылдау процесін көрсетілген мерзімде аяқтамасаңыз, онда 5-ші күні жүйе ваучерді тағы 2 күнге ұзартуға мүмкіндік береді.

**Егер сіз белгіленген мерзімде балабақшаға тіркелмесеңіз, онда ваучер жойылып**, сіздің өтінішіңіз мұрағатқа көшіріледі.

# МДҰ-ға қабылдану үдерісі

Smart Nation
BALABAQSHA

Балабақшаны таңдау үшін:

- (1) **“МДҰ таңдау”** батырмасын басыңыз.
- (2) Сәйкес балабақшаны таңдаңыз.
- (3) **“Қабылдану”** батырмасын шертіңіз.
- Баланы көрсетіңіз.
- Қабылдану үшін топты таңдаңыз.
- **“Растау”** батырмасын басыңыз.









# МДҰ-ға қабылдану үдерісі

(1) Өтініш мәртебесі *"МДҰ-дан келісімшартты күтіңіз"*-ге өтеді, балабақша Сіздің өтінішіңізді қарастырады және Сізге қол қоюға шарт жолдайды.

Шартты толтырыңыз, құжаттарды тіркеңіз, өз ЭЦҚ-мен қол қойыңыз және МДҰ-ға қол қоюға жіберіңіз.

Балабақша шартқа қол қойған соң сіз балабақшаға қабылданасыз.




(2) Келісімшарт жасау үшін сізде болуы керек:

- ЭЦҚ кілт
- 027/у нысанындағы анықтама
- Туу туралы куәлік
- Ата-аналардың бірінің жеке куәлігі
- № 052-2/у "бала денсаулығы паспорты"/у нысанындағы анықтама
- № 065/у нысанындағы профилактикалық егулер картасы
- ПМПК қорытындысы (бар болса)



# Электронды шарт жасасу үдерісі

Smart Nation BALABAQSHA

1 МДҰ қызметкері сізге ата-анаға қол қоюға электронды шарт жібереді

2 Ата-ана үдеріс жайлы анықтамалық ақпаратпен танысады

3 Ата-ана электрондық шартты ашып, сұралған деректерді толтырады

4 Қажетті құжаттарды тіркейді және сақтайды

6 Одан соң ата-ана шартқа электронды кілтпен (ЭЦҚ) қол қойып, МДҰ қызметкеріне жібереді

7 Барлық құжаттар дұрыс болған жағдайда қызметкер шартқа қол қояды және баланы балабақшаға қабылдайды

SmartNation

ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

# Назарларыңызға рахмет!

Байланыс-орталығы:
8 (727) 339-72-22
8 (747) 339-72-22 (WhatsApp)

BALABAQSHA